


Келісілді 
Әдіскер: Б.Ф.Имашева

Бекітілді: 
«Бөбек kids» жеке бөбекжай
менгерушісі: Г.М.Айтқалиева



«Бөбек kids» жеке бөбекжайы

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және оқу бағдарламасы негізінде
2023-2024 оқу жылына «Еркем-ай» ортаңғы тобына арналған «Музыка» ұйымдастырылған
іс-әрекетінің перспективалық жоспары**

Музыка жетекшісі: Д.Е.Хайрушева

Білім беру ұйымы: «Бөбек kids» жеке бөбекжай

Топ: «Еркем-ай» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезені: Қыркүйек-мамыр 2023-2024 ж.

Айы	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге үйрету. Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, Билер: Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Ойындар, хороводтар: Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларды музыкалық аспаптармен: қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.
Қазан	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Билер: Заттармен музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден ырғақты қимылдар орындау. Ойындар, хороводтар: Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Қарапайым әуендерді, ырғақты сылдырмақтармен ойнау.

Қараша	Музыка тыңдау: Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау. Билер: Заттарсыз музыкалық шығарманың қарқынына сәйкес жұппен ырғақты қимылдар орындау. Ойындар, хороводтар: Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеру.
Желтоқсан	Музыка тыңдау: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Ән айту: Ересектердің дауысына ілесе отырып, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Билер: Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру. Ойындар, хороводтар: Ойындарда таныс би қимылдарын қайталау Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Музыкадағы қарапайым ырғақты қимылдарды маракас, сылдырмақ, барабанмен қағып ойнау.
Қаңтар	Музыка тыңдау: Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге, шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту, кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Билер: Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру.

	Ойындар, хороводтар: Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: қарапайым әуендерді сылдырмақтармен ойнау.
Ақпан	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден,жұппен ырғақты қимылдар орындау. Билер: Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру. Ойындар, хороводтар: Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: қарапайым әуендерді сылдырмақтармен ойнау.
Наурыз	Музыка тыңдау: Балалар аспаптарының,музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету,оларды атай білу. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту,аю қорбандап жүреді,қоян секіреді,құстар ұшады. Билер: Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру. Ойындар, хороводтар: Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: қарапайым әуендерді сылдырмақтармен ойнау.
Сәуір	Музыка тыңдау: Ересектердің орындауындағы және аудио – бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).

	Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Билер: Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру. Ойындар, хороводтар: Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: қарапайым әуендерді сылдырмақтармен ойнау.
Мамыр	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманың көркем құралдарын, дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл –күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. Ән айту: Ересектердің дауысына ілесе отырып, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Билер: Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру. Ойындар, хороводтар: Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: қарапайым әуендерді сылдырмақтармен ойнау.